

# Қысқаша бейін

## Компания туралы фактілер

### «Қазақтелеком» АҚ қызметі туралы негізгі фактілер



«Қазақтелеком» АҚ — Қазақстандағы ең ірі телекоммуникациялық компания.



Негізгі офистер Нұр-Сұлтан және Алматы қалаларында, өңірлік өкілдіктер — Қазақстанның барлық бөліктерінде орналасқан.



«Қазақтелеком» ҰАК ҚР Министрлер Кабинетінің 1994 жылғы 17 маусымдағы № 666 қаулысының негізінде құрылды.



2000 жылдардың ортасынан бастап «Қазақтелеком» АҚ жылдық айналымы ондаған миллиард теңге болатын еліміздің ең табысты кәсіпорындарының рейтингінде тұрақты жоғары позицияға ие.



«Қазақтелеком» АҚ Қазақстанның ірі қалаларын цифрлық ағындармен деректерді берудің жоғары жылдамдығымен байланыстыратын көліктік оптикалық-талшықты сақина болып табылатын ұлттық ақпараттық супермагистральға ие.

## Қызмет бағыты

«Қазақтелеком» АҚ Қазақстандағы ең ірі тіркелген телефония операторы, байланыс қызметтерін, оның ішінде ауылдық жерлердегі байланыс қызметтерін ұсынуда көшбасшы, сондай-ақ ұлттық деректер беру желісінің ең ірі операторларының бірі болып танылған.

«Қазақтелеком» АҚ — ұлттық Компания «Қазақтелеком» АҚ акционерлік компаниясын құру туралы Қазақстан Республикасы Министрлер Кабинетінің 1994 жылғы 17 маусымдағы № 666 қаулысына сәйкес мемлекеттік кәсіпорындардың, акционерлік қоғамдардың және телекоммуникация ұйымдарының мүлкін ҚР бүкіл аумағында байланыс қызметтерінің кең ауқымын ұсынатын ұлттық ауқымдағы құрылатын акционерлік қоғамның жарғылық қорына беру арқылы құрылған.

Компания «Қазақтелеком» ұлттық акционерлік компаниясының құқықтық мирасқоры болып табылады (ҚР Әділет органдары алғашқы мемлекеттік тіркеуді 1994 жылғы 1 желтоқсанда жүргізді).

«Қазақтелеком» АҚ өз қызметін жүзеге асыру үшін қаражат тарту мақсатында акциялар шығаратын, өзінің негізгі мақсаты акционерлердің мүддесі үшін табыс табу болып табылатын коммерциялық ұйым болып табылады.

Акционерлік қоғамның қызметі оны ұйымдастыру мен оның жұмыс істеуінің құқықтық негіздерін айқындайтын бекітілген Жарғы шеңберінде жүзеге асырылады.

«Қазақтелеком» АҚ қызметінің негізгі мақсаттары:

- » коммерциялық қызметтен пайда алу және оны акционерлердің мүддесі үшін пайдалану;
- » ҚР аумағында заманауи телекоммуникациялық желілерді құру және олардың әлемдік телекоммуникация желісіне бірігуі;
- » ҚР аумағында және шетелде пайдаланушыларға телекоммуникациялық қызметтердің барлық түрлерін ұсыну.

«Қазақтелеком» АҚ ортақ пайдаланылатын телекоммуникация желісін және жеке телекоммуникация жүйелерін құру, монтаждау, пайдалану және техникалық қызмет көрсету үшін ҚР байланыс операторы ретінде қызметін жүзеге асырады, ортақ пайдаланылатын телекоммуникация желісі операторының, оның ішінде Халықаралық Электр байланысы одағының регламентіне және ҚР заңнамасына сәйкес басқа мемлекеттердің байланыс әкімшіліктерімен, компаниялармен, пайдаланушылармен есеп айырысуды жүргізу құқығымен қалааралық және халықаралық байланыс операторының функцияларын орындайды.

Компания Қытаймен, Ресеймен, Еуропамен және Орта Азия республикаларымен байланысты қамтамасыз ете отырып, барлық шекара маңындағы учаскелерді қосатын магистральдық талшықты-оптикалық байланыс желілерінің желісіне ие болғандықтан, Қазақстан арқылы транзиттік әлеуетті дамытуға және транзиттік телекоммуникациялық ағындардың ұлғаюуына зор көңіл бөледі.

«Қазақтелеком» АҚ-ның еліміздің барлық аумағында 248 пункттен тұратын сервис желісі, 17 Дата-орталықтан тұратын жеке желісі, сондай-ақ байланыс орталықтары бар.

### «Қазақтелеком» АҚ ұйымдық құрылымы

